ММ

«БҚО әкімдігінің білім басқармасының Казталов ауданының білім бөлімі»

№16452897-1 конкурсы комиссиясының төрайымының м.а. Б.Т.Өтегеноваға

әлеуметтік өнім беруші ЖК «Кенжеғалиева» директоры А.Ж.Кенжеғалиевадан

2026 жылдың 15 сәуірдегі **БҚО Казталов ауданы Қарасу ЖОББМ жанынданы интарнат балаларын тамақтандырумен қамтамасыз ету бойынша азық-түлік өнімдерін сатып алу** №16452897-1 Лоттың № **85725452-КПТСОПО1** көзделген тауардың **«Сиыр еті»** мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасымен 16452897-ОК1 толықтай келіспейтіндігін хабарлаймын.

Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру барысында, барлығы - «РҰҚСАТ» деп шешім қабылдай отырып, "Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығының 8 қосымшасы 2-тармақ бойынша әлеуетті өнім беруші біріктірілген лотқа қатысқан жағдайда, әлеуетті өнім беруші - отандық тауар өндіруші ерікті түрде сертификатт(ард)ы ұсынған кезде - 3 **балл беріледі.**
Конкурсқа қатысушы "Жалпақтал" ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі" өндірістік кооперативіне (БИН 150740020108) -3 бал қойыла отырып, отандық тауар өндірушінің (ОТӨ) мәртебесін растайтын құжат (мысалы, СТ-KZ сертификаты) жоқ екеніне қарамастан- 3 балл қою нәтижесінде, Веб - портал әлеуметтік өнім беруші өтінімін автоматты түрде менің өтінімді екінші жеңімпаз етіп шығарып тұр.
Конкурстың (лоттың) мәні болып табылатын отандық тауар өндірушінің (ОТӨ) мәртебесін растайтын құжат – бұл тауардың Қазақстанда өндірілгенін және өндірушінің талаптарға сай екенін дәлелдейтін ресми құжат (мысалы, СТ-KZ сертификаты).
Мемлекеттік сатып алуда бұл статус өнім берушіге бағалық жеңілдіктер мен артықшылықтар береді.